

FTAMP 04.11.21

Г.А. Абдиалимова¹,
Г.Б. Нұрадин² (orcid-0000-0003-4067-9831)¹ студент, ² филос. ғыл. канд, доцент (қауым.проф),
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстанe-mail: ² gnuradin@mail.ru

ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аннотация. Ұсынылып отырған мақала социология пәні аясында жасалған студенттік зерттеу жұмысын жасау тапсырмасының нәтижесі. Студент тарапынан таңдалған зерттеу нысаны бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы мәселені зерттеу барысында студент социологияның ең көп таралған әдістерінің бірі сауалнаманы пайдаланады. Сауалнамаға үш статусты 92 респондент қатысқан және ол «Google Forms» программасында жасакталған. Зерттеу жұмысының теориясын да жан-жақты қамтуға тырыстық, осы саланы зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдар тұжырымдарына жүгіндік. Теорияны жасақтау барысында студентке Д.Гоулманның эмоционалды интеллектті анықтау тесті ұнамды болды, сондықтан оны сауалнамаға қостық. Зерттеу барысында адамзаттың ақыл ой көрсеткіші ретінде жоғары бағалып келген IQ дің салауатты бәсекелесі EQ дің артықшылықтары сараланды. Нәтижесінде қазақстандық жастардың әлемдік деңгейдегі салауатты бәсекелестікке төтеп беруі мақсатында эмоционалды интеллектті оқу процесіне ендіру қажеттілігі тұжырымына келдік.

Тірек сөздер: эмоционалды интеллект, оқу процесі, сауалнама, Д.Гоулман тест сұрақтары, IQ көрсеткіш, тұлға дамуы, практикалық дағды.

Кіріспе. Адамзат дамуы еселенген сайын оның дүниегекөзқарасының ауысу темпі де жиілеп барады. Тарихқа көз жүгіртсек адамзаттың дүниеге көзқарасының, өмірлік құндылықтарының, қоғамды өзгертетін қозғашу күш факторлары араға ғасырлар салып өзгерді. Қазіргі өзгерістер жиілігі мен даму темпінің қарқыны тым күшті. Сондықтан бүгінгі адамзат тез бейімделгіш, жаңашылдықты тудыруға және оны жүзеге асыруға құмар, бәсекелестікке төзімді. Алайда, адамды жетелеп отырған өзгерістер толқындар секілді бірін-екіншісі жалғастырып отырады, оған еліткен адам өзінің қалай дамып жатқанын сезбей де қалады. Толқынның жағаға соғылып сол екпінмен қайта толқынға айналатын сәттерін күнделікті өмірде бақылауға болады. Мұндай сәттер талай ақын-жазушылардың шабытын ашып өздерінің өлең-жырларына арқау болған, оларға асау толқын деп айдар да таққан. Сол асау толқынға теңестірілген түбегейлі өзгерістердің бірі адамның логикалық және аналитикалық көрсеткіші IQ-ден жеке және әлеуметтік дағды көрсеткіші EQ-дің соңғы жиырма жылдың шамасында алға шығуы.

Ғылымға «эмоциялық интеллект» терминін американдық екі психолог Питер Сэловей мен Джон Мэйер 1990 жылдары енгізген болатын. Олар алғашқы болып эмоциялық интеллектінің бірінші үлгісін ұсынды. Аталған авторлар эмоциялық интеллект деп «өзінің және өзгенің сезімдері мен эмоцияларын байқай білу, оларды ажырату және осы ақпаратты ойлау мен іс-әрекетте қолдану» [1] деп түсіндірді. П. Сэловей мен Дж. Мэйердің үлгісі негізінде Д. Гоулманның аса танымал үлгісі жасап шығарылды. Оның 1995

жылы шыққан «Эмоциялық интеллект» атты еңбегі кітап сатылымында бірінші орындарға шығып, аталған мәселенің ғылыми және көпшілікке арналған әдебиеттерде осы күнге дейін қызу талқылануына түрткі берді [2] – деп есептейді отандық психологтар. Сонымен қатар, отандық психологтар зиялы қауым назарына ұсынған «Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс» атты ғылыми мақалаларының ұраны ретінде келесідегі американдық мақалды жазған: «Сіздер IQ көмегімен жұмысқа орналасасыздар, ал EQ арқылы мансап баспалдағында өресіздер» [2]. Аталмыш мақалға жүгіне отырып мансапқа ұмтылудың басты шарты даму, адамның тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіре алуы, ең бастысы сол жетістігін көрсетіп, оны мойындата алуы. Егер оның жолы американдықтар нұсқаған EQ-де болатын болса, оны оқу үрдісіне енгізіп, білім алушыларды әлемдік жаңа қағидатқа бейімдеп, негізгі дағдыларын қалыптастыру жолдарын қарастыру қажет болады. Себебі мемлекеттің дамуы оның экономикасына тікелей байланысты екені белгілі. Қазіргі әлемдік қарқынды экономика жағдайында адамдардың белгілі бір ұйымдарды үйлесімді және тиімді дамуын қамтамасыз ете алу қабілетін игерген көшбасшының, яғни лидердің жаңа форматы қажет.

Көшбасшылық - теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелген, ғылыми даму дәрежесі жоғары, үнемі пәнаралық контекстке ие ұғым. «Лидерство в организациях информационного сектора экономики» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған А.В. Сундуков еңбегінде көшбасшылықтың әр саладағы сипаттарын зерттеген бірқатар ғалымдардың топтамасы бар. Олар: Әлеуметтік психология бойынша Б.Д. Парыгин, саяси көшбасшылықта Дж. Блондель, ұйымдастырушылық мінез-құлық Р.Х. Холл, әлеуметтану М. М. Чемерс, философия К. Дэвис, менеджмент саласында М.Х.Мескон, М.Альберт, Ф.Хедоури т.б. [3]. Ғалым сонымен қатар, көшбасшылық тәсілдер авторларының тізбесін береді: Персоналдық Ф. Голтон, Э. Вигэм, Ф. Вудс, Дж. Доуд, О.Тид т.б., ситуациялық К. Берд, Е. Богардус, Э. Боргатта, Г. Персонон, Ф.Фидлер, Э. Хартли, т.б., мінез-құлық, жүріс-тұрыс Қ. Аргирис, В. Врум, К. Джиб, Ф.Йеттон, Р. Лайкерт, К. Левин, Д. Мак-Грегор, А. Маслоу, Т. Митчелл, Р. Стогдилл, Р. Таннебаум, Р. Хаум, Дж. Хемфилл, Е. Холландер, С. Шартл, В.Шмидт, С. Эванс және т.б., әлеуметтік-танымдық А. Адлер, Б. Калдер, Дж.Келли, Р. Лорд, В. Мишель, Дж. Пфеффер, К. Роджерс, Дж. Роттер, Дж.Филлипс және т.б., құндылық Р. Гринлиф, С. Кучмарски, Т. Кучмарски, В. Р. Суханов, Г. Фейрхольм, К. Ходжкинсон және т.б. Ақпараттық экономикадағы көшбасшылықтың заманауи теориялары келесі бағыттар бойынша зерттеу нәтижелерінен тұрады: қазіргі көшбасшылықтың интегралдық жалпылама теориясы Дж. Дея, П. Сенге, О. Шармер, Дж. Яворски, М.Янга және т.б. кең ауқымды халықаралық зерттеу негізінде әзірленген McKinsey компаниясы. Негізінде алға қойылған көшбасшысының жаңа қасиеттер теориясыIBM компаниясының ауқымды зерттеулері мен танымал. Зерттеуге әлемнің 2500-ден астам IT-директорлар респондент ретінде қатысқан. Ақпараттық экономика негізінен теорияны зерттеу бағытындағы жұмыстарға Н. Винер, П. Даймонд, А.Н. Колмогоров, Д. Стиглиц, А. Тюринг айтарлықтай үлес қосты. Ақпараттық экономиканы зерттеуді А.И. Анчишкин, М. Гатовский, М. П. Демин, М. Кастельс, Е. Масуду, Р. Нельсон, Т. Стоуньер, Э. Тоффлер, В.А. Трапезников, Д. Харви, Г. Шиллер және басқалар ат салысты. Ақпараттық сектордың ұйымдары көбінесе виртуалды іскерлік орта негізінде жұмыс істейді, сондықтан виртуалды және желілік ұйымдар саласындағы жұмыстар


зерттеу әдіснамасын таңдауда маңызды рөл атқарды. Сонымен, IT-технологиялардың жоғары енуі бар желілік ұйымдардың қалыптасуы мен жұмысының ерекшеліктерін В.Вютрих, П. Зибер, А.Б. Катаев, И.П. Пономарев, В.П. Тарасов, Е.Х. Ткачева және т.б. зерттейді. Мұндай ұйымдарды басқарудың теориялық және қолданбалы аспектілерін Р.Акофф, И.Т. Балабанов, Э.Брукинг, Г.Р.Латфуллин, Дж. Форрестер т.б. зерделеген. Жинақталған ақпараттың үлкен ауқымына қарамастан, ол көбінесе Ақпараттық экономика форматымен және экономиканың ақпараттық секторындағы ұйымдарды басқару ерекшелігімен аз байланысты гетерогенді әзірлемелермен ұсынылған, ал олардағы көшбасшылық мәселелері әлі күнге дейін терең зерттеу тақырыбы болған жоқ [3] деп тұжырымдайды топтама ұсынушы ғалым.

Жоғарыда берілген мәліметтерді негізге ала отырып эмоционалды интеллектті адамдар, әсіресе білім алушы жастар бойында қалыптастыру үшін оны оқу процесіне ендіру қажеттілігі туып отыр. Биылғы 2020-2021 оқу жылдарынан бастап социология, мәдениеттану, саясаттану және психология пәндерін кіріктірген «Саяси-әлеуметтік ілімдер» атты 8 кредиттік пән енгізілді. Аталмыш пән бойынша мақаланың қосалқы авторы Г.А. Абдиалимова эмоционалды интеллектті оқу процесіне енгізу қажеттілік деңгейін анықтау мақсатында өзіндік зерттеу жүргізген.

Зерттеу әдістері: зерттеу жұмысының теориялық әдісі ретінде ғылыми әдебиеттерді салыстырмалы талдау, жіктеу және жүйелеу, жалпылау әдістері қолданылса, эмпирикалық әдіс ретінде психодиагностикалық әдістер мен сауалнама жүргізілді. Респонденттер эмоционалды интеллект ұғымын ғылыми айналымға ендіруші Д.Гоулманның тест сұрақтарына жауап берді.

Зерттеу қорытындысы. Зерттеу жұмысының басты әдісі сауалнама. Сауалнамаға барлығы 92 респондент қатысқан, олар оқушы, студент және қызметкерлерден құралған. Сауалнама 10 сұрақтан тұрады. Оның 3 сұрағы «Эмоциональный интеллект в бизнесе» атты монографиясы, «Эмоциональное лидерство. Искусство управление людьми на основе эмоционального интеллекта» бірнеше авторлармен біріккен «Эмоциональный интеллект» атты өзінің жеке еңбегі бар танымал ғалым Д.Гоулманның эмоционалды интеллектті анықтау тестінен берілген. Толық тест-сауалнама зерттеуші студент тарапынан «Google Forms» сауалнамаларды басқаруға арналған бағдарламалық жасақтама арқылы құрастырылған. Белсенді сілтемесі: https://docs.google.com/forms/d/1S--YChxsrbtz-0-ZwIDmneo0Jq0vjXp_CCwXLYQpniI/edit#responses[4].


Алғашқы демографиялық бөлім екі сұрақтан тұрады: біріншісі респонденттің жасы (1-сурет) және екіншісі әлеуметтік статусы (2-сурет).



Сурет 1. Респонденттердің жас мөлшері

1-суреттегі диаграммадан қатысушылардың жас ерекшелігін көре аламыз. Респонденттердің басым көпшілігі, яғни 65,2% 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдер, нақтырақ айтқанда, мектеп жасындағы оқушылар жауап берген. Екінші басымдылықты 19-27 жас аралығындағы студенттер немесе жас мамандар 26,1% құрайды.

Әлеуметтік статусыңыз
92 ответа




Сурет 2. Респонденттердің әлеуметтік статусы

2-суреттегі диаграммада көрсетілгендей, сауалнамаға қатысушылардың 46,7% оқушылар құраса, 38% студенттер құрапты.

Келесі негізгі бөлімнің алғашқы сұрағы респонденттердің зерттеу сұрағының басты ұғымына арналады.


Эмоционалды интеллекттің не екенін білесіз бе?
92 ответа



Сурет 3. Респонденттердің эмоционалды интеллект ұғымын түсіну көрсеткіші

Зерттеудің басты нысаны эмоционалды интеллект дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын оқу процесіне ендіруді көздейтін болғандықтан, жауап өз кезегінде тақырыптың толықтай ашылуына септігін тигізеді. Алайда 3-суретте көрсетілгендей респонденттердің 5,4% бұл ұғымнан мүлдем хабарсыз болса 28,3% жалпы атауынан ғана хабардар.


Сіздің ойыңызша EQ мен IQ бір түсінік па?
92 ответа



Сурет 4. Респонденттердің IQ мен EQ ұғымын түсіну көрсеткіші

4-суреттегі диаграммадан сауалнамаға қатысушылардың 81,5% эмоционалды интеллект пен интеллект коэффициентінің айырмашылығын білетіндігін байқаймыз. Яғни, эмоционалды интеллект – адамның эмоционалды зиялылығының өлшемі және эмоциясын басқара алуы. Ал интеллект коэффициенті – адамдардың тез қабылдағыштығы мен ақылдылығына берілетін баға. Алайда 15,2% адам айырмашылығын білмейді. Тіпті екеуі бір түсінік деп ойлайтындар 3,3% құрайды. Респонденттердің басым көпшілігі «Z ұрпағы», яғни, дүниегекөзқарастары жоғары, дүниетанымдары кең, жаңашылдыққа жаны құмар заманауи жастар.

Сізге қайсысы маңызды?
92 ответа




Сурет 5. Респонденттердің IQ мен EQ-дің айырмысын ұғыну көрсеткіші

5-суретте көрсетілгендей респонденттердің 37% IQ-дің маңыздырақ екенін көрсеткен. Бұл пайыздық көрсеткішті екі жақты қарастыруға болады. Бірінші жағынан, аз пайызды құрау себебі жастардың ғылымдағы жаңашылдықты әлі де болса қабылдамауы болса, екінші жағынан, олардың өз пікірлерін ашық білдіруі. Әр адамның өз пікірін ашық айтып, әрдайым өз таңдауын жасауға құқылы. Мақсатымыз EQ маңызды деп IQ-ді елемей қажет деген пікір емес. Нақтырақ айтқанда, IQ-і жақсы адамның жетістікке жету мүмкіндігі - 20%, ал EQ-і жоғары адамның жетістікке жету мүмкіндігі – 80% екенін назарға ала отырып, жалпы жастардың дұрыс таңдау жасауына, өзін-өзі жетілдіру жұмыстарына ертерек көңіл бөлу мәселесін алға қою.

Келесі 6, 7, 8 -суреттердегі диаграммалар ситуациялық жағдаяттарға, яғни психолог Дэниел Гоулманның эмоционалды интеллектті [5]анықтауға арналған сұрақтары. Демек, белгілі бір жағдаяттарға, оқыстан орын алған оқиғаларға байланысты адамдардың дайындықсыз, табан астынан пайда болатын табиғи эмоциялары көрінеді. Табиғи эмоциялар адам бойындағы өзі

бұрын соңды сезбеген немесе жасырын ұстаған мінез-құлық, жүріс-тұрыс ерекшеліктерін айқындап береді.


Сіз ұшақпен ұшып келе жатырсыз, кенеттен ол күтпеген жерден турбуленттік аймаққа түсіп, қатты қозғала бастайды. Сіз не істейсіз?
92 ответа



Сурет 6. Д.Гоулманның оқыс оқиға орын алғандағы әрекет тесті

6-суреттегі диаграммадан 81,5% респонденттің бойынан үйлесімді қарым-қатынас құра алу мүмкіндігі бар мінез-құлық сипатын көреміз.


Сіз саябақта төрт жасар қызбен серуендеп жүрсіз, қыздардың бірі онымен ойнағысы келмегендіктен жылай бастайды. Сіздің әрекеттеріңіз?
92 ответа



Сурет 7. Д.Гоулманның конфликт жағдайындағы әрекет тесті

7-суреттегі диаграммадан 39,1% респонденттің мақсатқа жету үшін өзін және басқаларды ынталандыру қасиеті көрінеді. Ал, 34,8% респонденттен үйлесімді қарым-қатынас құра алу қасиеті байқалса, 16,3% эмпатиялық сипатта, 9,8% өзін-өзі бақылау қасиетіне ие.

Жағдайды елестетіп көріңіз: сіз бір пән бойынша емтихан кезінде «5» аламын деп ойлағансыз, бірақ «3» алғаныңызды білдіңіз. Не істейсіз?
92 ответа




Сурет 8. Д.Гоулманның прогноздық әрекет тесті

8-суреттегі диаграммадан 33,7% респондент өзін-өзі тани алуымен ерекшеленсе, 22,8% өзін-өзі бақылау - эмоцияны басқара білу және олардың күшіне жол бермеу қасиетіне ие, 21,7% адамда мақсатқа жету үшін өзін және басқаларды ынталандыра алса, дәл осы пайыз респондент үйлесімді қарым-қатынас құра алуға дайын.

Төмендегі 9-шы және 10-суреттердегі диаграммалар ұсынылып отырған ғылыми мақаланың басты көздеген мақсаты, яғни эмоционалды интеллект дағдыларын мектеп, университеттегі оқу процесіне ендіру арқылы балаларды ерте жастан үйлесімді өмір сүруге, ортада өзін-өзі жақсы ұстауға, мансаптық өсуге ұмтылуға т.б. үйрету. Бұл көрсеткіштер зерттеу жұмысының жүрегі немесе өзегі деген балама сипатқа ие. Зерттеу жұмысының жүргізілуіне үлес қосып, сауалнамаға қатысуға келісімін берген әрбір респондент қоғамның толыққанды мүшесі, ал олардың ортақ ойлары қоғамдық пікірді құрайды.


Эмоционалды интеллект дағдысын ерте жастан бастауға келісесіз ба?
92 ответа



Сурет 9. Эмоционалды интеллект ұғымын оқушы кезден бастап қалыптастыру ұсынысына респонденттер көзқарасы

9-суреттегі диаграмма бойынша 67,4% респондент эмоционалды интеллект дағдысын ерте жастан бастау қажет біздің ойымызды растаса, 19,6% жауаптан жалтарады, 13% респондент үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. Бұл көрсеткішті де есепке алып, кешенді зерттеу жүргізу қажет.

Эмоционалды интеллект пән ретінде мектеп және ЖОО қосылуына көзқарасыңыз
92 ответа



Сурет 10. Эмоционалды интеллект ұғымын студент кезден бастап қалыптастыру ұсынысына респонденттер көзқарасы

10-суреттегі диаграмма бойынша респонденттердің 57,6% эмоционалды интеллект дағдыларын арнайы пән ретінде оқу процесіне

енгізіп, бала бойына қалыптастыру қажет деген ұстанымда. Алайда оның 25% тек мектепте болса жеткілікті деген пікір білдірген, 7,6% тек ЖОО деп жауап беріпті. Қалған респонденттер таңдаған жауаптар да назар аударарлық. Олар мұғалімдер әр сабақтарын қызықты етіп өткізіп, өз пәні арқылы бала бойындағы ашықтық, еркіндік қасиеттерін дамытса дұрыс болар еді деген пікірде.

Ғылыми қорытындының талқылауы: зиялы қауым назарына ұсынылып отырған мақаланың кіріспе бөлімінде эмоционалды интеллект ұғымы мен оның ғылыми айналымдағы рационализациялану процесі қарастырылған. Сауалнамаға негіз болып отырған эмоционалды интеллектті оқу және оқыту процесіне енгізу қажеттілігін басты назарға ала отырып мынандай тұжырымға келуге болады. Мектептегі мұғалімдер оқушыларды оқу процесіне қатысуға ынталандыруға жауапты, себебі оқушылар өздерін толыққанды жетілдіре алмайды. Сондықтан да үйде ата-ананың, мектепте мұғалімнің, қоғамда ортаның қолдауы мен бағыттауына зәру. Университеттегі оқытушылар студенттерді оқу процесінің белсенді қатысушысы етуге ұмтылдыруға жауапты, себебі студенттер өз-өздерін жетілдіруге, белгілі бір даму бағытын таңдауға мүдделі болғанымен, пайдалы мүмкіндіктерді қалт жібермей, көбіне дұрыс таңдау жасау қабілеттерін ашып, білімдерін нығайтып, толық дайындық жасауға жеткілікті жағдайда емес. Осы тұста 2009 жылы орта білім беру саласында үлкен мәлімдеме жасаған американдық ғалым Рой Килленнің «мұғалімдер оқушылардың өзара араласуына кедергі келтіретін бірқатар маңызды факторларды ескерместен сапалы оқыту элементтерін енгізе алмайды», сонымен бірге, «мотивация маңыздылығы академиялық үлгерімнің жылдамдығынан асып түседі. Мектептердің маңызды рөлдерінің бірі-оқушыларды өмір бойы өз бетінше оқуға ынталандыру» [6] деген тұжырымдарын негізге алуға болады.

Ғалым пікіріне жүгіне отырып біз әлемнің адамзатқа қойған талаптарын орындауға міндеттіміз. Бұл жүргізілген кіші сауалнама мәселені түбегейлі шешпейді, бірақ кешенді зерттеуге мұрындық бола алады. Себебі зерттеу проблемасы өте өзекті. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметіне сүйенсек: «2020 жылғы III тоқсанда ерлердің жұмыссыздар санындағы үлесі 45,2% (205,4 мың адамды), әйелдердің үлесі – 54,8% (249,4 мың адамды) құрады. 15-28 жастағы жастардың үлесі 18,3% немесе 83,3 мың адамды құрады. 15-28 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,9% болды» [7]. Эмоционалды интеллекттің жастар бойында жеткілікті түрде қалыптаспауы біріншіден, жұмыссыздық деңгейімен, екіншіден, әлемдік аренадағы отандық дипломдардың сұранысымен анықталады. Екі жағдай көрсеткіштері де қанағаттанарлық деңгейде емес. Сондықтан бұл зерттеу проблемасы қиын жағдайдан шығу тетіктеріне жол нұсқай алады. Сауалнама сұрақтарының жауап нұсқалары өз қоғамымыздағы, атап айтқанда орта білім беру саласындағы өзекті мәселелерге жүгінеді. Мысалы, 9 сұрақтың екінші жауабы: «Жоқ, баланың балалық шағында көп міндет жүктеп қажет емес» делінген, себебі, қазіргі қоғамдық пікірөзгертілген мектеп бағдарламасы, көбейтілген оқушы жүктемесі, балалардың ерте жастан мектепке баруы сынды мәселелерге өткір сын айта алады. БАҚ-ы мен әлеуметтік желілердегі көпшілік ата-аналар балалардың жас шамасына лайықсыз пәндердің бағдарламада болғанына қарсы. 1-ші сыныпқа келген оқушы – ойын баласы, яғни оған ұзақ уақыт партада отыру, жаңа ортаға бірден сіңу, үй тапсырмаларын орындау өте қиын болуы мүмкін. Сондықтан ойын баласына

сабақ та сәйкесінше ойын түрінде өтілуі керек. Эмоционалды интеллектті ойын түрінде жеңіл, қызықты әрі маңыз бере отырып өту. Оқушы оның маңызды екенін білмеуі де мүмкін, ол жай әртүрлі ойын, берілген жағдаяттарға мысал – қойылым қойып жүр деп ойлауы керек. Бірақ мұғалім, ұстаз - оқушылардың екінші анасы, бұл сабақтың, ойынның оқушының болашағына деген іргетасы екенін естен шығармаса, ол бір оқушы емес, мектеп түлегін емес, «Әлем азаматын» тәрбиелеп, білім беріп жатырмын десе жұмыстың берекесі артып, нәтижесі жақсы болары сөзсіз. Шет мемлекеттеріне қарасақ олар адамдарға 20-30 жылға зерттеу жұмыстарын жүргізеді және зерттеу нәтижесінің қорытындысын ескере отырып керекті шараларды қолданады. Біз әрине дамушы мемлекет болғандықтан ондай ұзақ психологиялық зерттеулеріміз аз, тіпті болмауы да мүмкін. Бірақ жанашылдықтан қорықпау керек. Бұны да бір ойға алып, іске асырып көру қажет.

Қорытынды. Эмоционалды интеллект дамуының алғышарттары биологиялық және әлеуметтік факторлар. Эмоционалды интеллектісі жоғары адамдар өздерінің эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну қабілеттеріне ие, олар өздерінің эмоционалдық сферасын басқара алады және бұл олардың қарым-қатынастағы жоғары бейімделгіштігі мен тиімділігіне әкеледі, олар өз мақсаттарына басқалармен өзара әрекеттесуде оңай жетеді.

Эмоционалды интеллект мәселесімен айналысатын барлық психологтар эмоцияны басқару - бұл дамитын дағды, ал балалық шақтағы отбасылық тәрбие негізгі факторлардың бірі деп санайды. Ата-аналардың эмоционалды мәселелерді талқылауға бейімділігі баланың өзінің эмоциясын жақсы түсінуіне және өзін-өзі зерттеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Ең бастысы, «эмоционалды жетілу», «эмоционалды шығармашылық», «эмоционалды құзыреттілік», «эмоционалды ойлау» және «эмоционалды мәдениет» сынды ұғымдар эмоционалды интеллектпен жиі анықталады, алайда, бұл құбылыстар одан өзгеше. Эмоционалды шығармашылық эмоционалды синдромдардың жаңа, тиімді және шынайы дамуы ретінде анықталады. Бұл көп эмоционалды интеллектке қарағанда кең ұғым, өйткені соңғысынан айырмашылығы, ол эмоционалды реакцияның жаңалығын болжайды. Айырмашылық тәсілге де қатысты эмоционалды ақпаратты өңдеу. Егер эмоционалды интеллект болса керісінше, конвергентті интеллектке қатысты, эмоционалды шығармашылық дивергентті интеллектке негізделген [8].

Эмоционалды интеллект - бұл психологтың кәсіби маңызды қасиеті. Зерттеу жұмысының мақсаты эмоционалды интеллекттің маңызын түсіндіру және біздің қоғамымыздағы деңгейін көтеру, оқу процесіне қосуға ұсыныс білдіру, қажеттілігін дәлелдеу, нақты қадамдар жасау. Біздің болашағымыз – жасөспірім балалар. Қазіргі технология дамыған заманда, адамдар вербальді, яғни, көзбен көру қасиеті жоғары, бұл өз кезегінде әлеуметтік желілердің көптігін көрсетеді, тұрақты эмоция көрсете алатын және оны басқара алатын ұрпақ тәрбиелеу. Бүгінгі бала – ертеңгі көшбасшы, ел тұтқасы, көшбасшының эмоциясы жалпы ортаға, бүтін бір қоғамға ықпал етеді. Егер ол ынта-жігер мен энергияны таратса, онда мемлекет өркендейді, егер дисгармония мен бұзылу болса, ол жойылады. Осылайша, эмоционалды көшбасшыларда тек қырағылық және кәсіпқойлық қана емес, сонымен бірге адамдармен байланыс орната білу қабілеті маңызды.

Адамның жүрегі қаншалықты үлкен болса, оның жүрегіне басқалардың эмоциясы соншалықты сыяды және ол осы эмоция арқылы оларды басқара алады. Көшбасшы - бұл адамдармен қарым-қатынас жасайтын басты тұлға,

ал эмоциялар олардың жүректерінің кілті. IQ (ақыл-ой дамуы) мен EQ (эмоционалды интеллект немесе эмоционалдыәлеует) арасындағы мәңгілік шайқаста EQ барған сайын жеңіске жетеді. Лидердің «сәттілігінің себептерін» анықтайтын тестілерге сәйкес, EQ 80% сәттілікке жауап береді, ал IQ 20% үшін ғана жауап береді. Ғалымдардың «эмоционалды интеллект» терминіне берген анықтамалығынан бас тартсақ та, артықшылығы әлі де керемет.

Сауалнамаға қатысушыларға қарап адамдардың қоғам мәселесіне бейжай қарамайтындығы көзім жетті. Бұл да бір қоғамның өзекті тақырыбы болғандықтан бәрінің ойын білу - маңызды. Зерттеуге қатысқан 92 респонденттің сұрақтарға тоқталып жауап беруі қоғам санасының, бұқаралық сананың өскенінен хабар береді. Сауалнама студенттер мен оқушылардан бөлек, мұғалімдерге, орта буын өкілдеріне де ұсынылды, алайда статистика жалған сөйлемейді. Олардың берілген диаграммалардағы пайыздық өлшемі әлдеқайда төмен. Бұл да екі ұрпақ арасындағы ерекшелікті көрсетті. Осындай өзекті мәселелерде еліміздің белсенділік танытып, ұзақ жылдарға негізделген зерттеу жүргізгенін қалаймын. Әрине шетелдің зерттеу нәтижелерімен бөліссек болады. Алайда біздің дініміз, діліміз, салт-дәстүріміз бен тәрбиеміз олардан айырмашылығы бар. Сондықтан өз менталитетімізге сай көрсеткіштермен жұмыс істеген өте қызықты болар еді. Және ары қарай практикаға айналдыруға тиімді деп ойлаймын.

Сонымен, IQ және EQ өміріміздегі маңызды ұғымдар. Бірақ тек біреуіне ғана назар аударып, екіншісін толығымен ұмыту дұрыс емес. Бірақ үлкен нәтиже көрсететін көрсеткішпен жұмыс істеу әлдеқайда тиімдірек. Қорытындылай келе, эмоционалды интеллект студенттерге ақпаратты игеруде және сақтауда нәтижелі және табысты болуға көмектеседі, егер оқушы оқуда нәтижелі болса, ол оқыту мен оқу процесіне ашық болады, бұл өз кезегінде оқушының терең түсінушілікке ие екенін және мұғалімге сапалы білім алуға мүмкіндік беретінін білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Люсин, Д.В. Современные представления об эмоциональном интеллекте [Текст] / Д.В. Люсин // Социальный интеллект: Теория, измерение, исследования.- 2004. - №[?]. - С. 29-39.
2. Садуова, С.П. Эмоционалды интеллект және көшбасшылық арасындағы байланыс [Мәтін] / С.П. Садуова, А.А. Толегенова, Н.Қ. Тоқсанбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2016. - № 1(36). – Б.32-36.
3. Сундуков, А.В. Лидерство в организациях информационного сектора экономик [Текст]: диссертация / А.В. Сундуков. – Тамбов, 2014. – 188 с.
4. Сауалнама бағдарламасы [Электронды ресурс].– Қолжетімділік режимі: https://docs.google.com/forms/d/1S--YChxsrbtz-ZwLDmneo0Jq0vjXp_CCwXLYQpniI/edit#responses
5. Д.Гоулманның эмоционалды интеллектті анықтауға арналған тесті [Электронды ресурс]. - Қолжетімділік режимі: <https://testometrika.com/a/AjsP%252F9Z60NaDNlVuTnSXAg/> -
6. Killen, Roy. Effective Teaching Strategies: Lessons from Research and Practice. 2009. – 374 p.
7. 2020 жылғы III тоқсандағы еңбек нарығындағы жағдай туралы [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>. [14.12.2020].
8. Андреева, И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии [Текст] / И.Н. Андреева. – Новополюцк: ПГУ, 2011. – 388 с.

Материал редакцияға 13.01.21 түсті.

Г.А. Абдиалимова, Г.Б. Нурадин

Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И НЕОБХОДИМОСТЬ ЕГО ФОРМИРОВАНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. Предлагаемая статья основана на результатах студенческой исследовательской работы, разработанной в рамках предмета социология. Объект исследования, выбранный студентом, является одной из актуальных проблем. В ходе изучения данной проблемы студент использует один из наиболее распространенных методов социологии. В опросе приняли участие 92 респондента в рамках трех статусов. Опрос был проведен с помощью программы «Google Forms». В исследовании всесторонне охвачена теория исследовательской работы, основанной на выводах отечественных и зарубежных ученых, изучающих эту область. При разработке теории студент опирался на тест Д. Гоулмана по определению эмоционального интеллекта, который был включен в анкету. В ходе исследования были проанализированы преимущества еq, здорового конкурента IQ, который был высоко оценен человечеством как показатель интеллекта. В результате авторы пришли к выводу о необходимости внедрения эмоционального интеллекта в учебный процесс с целью того, чтобы казахстанская молодежь могла конкурировать на мировом уровне.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, учебный процесс, опрос, тестовые вопросы Д. Гоулмана, показатель IQ, развитие личности, практические навыки

G.A. Abdialimova, G.B. Nuradin

Taraz regional university named after M.Kh. Dulaty, Taraz, Kazakhstan

EMOTIONAL INTELLIGENCE AND THE NEED FOR ITS FORMATION IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract. The proposed article is based on the results of student research work developed within the subject of sociology. The object of research chosen by the student is one of the actual problems. In the course of studying this problem, the student uses one of the most common methods of sociology. The survey involved 92 respondents in three statuses. The survey was conducted using the "Google Forms" program. The study comprehensively covers the theory of research work based on the conclusions of domestic and foreign scientists studying this field. When developing the theory, the student relied on the D. Goleman test for determining emotional intelligence, which was included in the questionnaire. The study analyzed the benefits of eq, a healthy competitor to IQ, which was highly rated by humanity as an indicator of intelligence. As a result, the authors came to the conclusion that it is necessary to introduce emotional intelligence in the educational process in order to ensure that Kazakhstan's youth can compete at the world level.

Keywords: emotional intelligence, educational process, survey, D. Goleman's test questions, IQ achievement, personal development, practical skills.

References

1. Lúsin, D.V. Sovremennye predstavlenija ob jemocional'nom intellekte [Modern ideas about emotional intelligence] / Social'nyj intellekt: Teorija, izmerenie, issledovanija [Social Intelligence: Theory, Measurement, Research] - 2004. - PP. 29-39.[in Russian]
2. Sadýova,S.P., Tolegenova,A.A., Toqsanbaeva,N.Q. Emosionaldy intellekt jáne kóshbasshylyq arasyndaǵy bailanys [The relationship between emotional intelligence and leadership] / QazUÝ habarshysy. Psihologija jáne sosiologija seriasy [Bulletin of Kaznu. Psychology and sociology series]. – 2016. - № 1(36). – PP.32-36[in Kazakh].
3. Sundukov, A.V. Liderstvo v organizacijah informacionnogo sektora jekonomiki [Leadership in organizations of the information sector economist]: dissertation. – Tambov, 2014. – 188 p. [in Russian].
4. Questionary programme [Electronic resource]. – Access mode: https://docs.google.com/forms/d/1SYChxsrbtzZwIDmneo0Jq0vjXp_CCwXLYQpnii/edit#responses. [in Kazakh].
5. Tests to determine the emotional intelligence of D. Golemann [Electronic resource]. – Access mode: <https://testometrika.com/a/AjsP%252F9Z60NaDNlVuTnSXAg/> [in Kazakh].
6. Killen, Roy. Effective Teaching Strategies: Lessons from Research and Practice. 2009. – 374 p.
7. 2020 jylǵy III toqsandaǵy eńbek naryǵyndaǵy jaǵdai týraly [On the situation on the labor market in the III quarter of 2020]. - Access mode: <https://stat.gov.kz/official/industry/25/statistic/6>. [14.12.2020]. [in Kazakh].
8. Andreeva, I.N. Jemocional'nyj intellekt kak fenomen sovremennoj psihologii [Emotional intelligence as a phenomenon of modern psychology]. – Novopolosk: PMÝ, 2011. – 388 p.[in Russian].